

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі N 833 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 29 мамырдағы N 511 Қаулысы

Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікпен жұмыстың ұйымдастырылуын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі N 833 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., N 25, 260-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану е р е ж е с і н д е :

11-тармақтағы "сату" деген сөзден кейін "немесе мемлекеттік меншікке өтеусіз беру" деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы 11-1-тармақпен толықтырылсын:

"11-1. Мемлекеттік меншікке өтеусіз берілетін заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер мүлкінің құны теңгерімнен алынатын үзінді көшірмемен және басқа да құжаттармен р а с т а л а д ы . " ;

мынадай мазмұндағы 25-3, 25-4, 25-5-тармақтармен толықтырылсын:

"25-3. Жекелеген жағдайларда мемлекеттік мүлік республикалық меншік объектілерін басқару саласындағы мемлекеттік органның (бұдан әрі - арнайы орган) шешімімен мемлекеттік меншікке өтеусіз қабылдануы мүмкін.

25-4. Мүлікті мемлекеттік меншікке қабылдау қажеттігі мәселесін қарау кезінде негізгі өлшемдер мыналар болып табылады:

1) мүлікті мемлекеттік меншікке қабылдаудың экономикалық орындылығы;

2) мүлікті мемлекеттік меншікке қабылдағаннан кейінгі мақсаты мен пайдалану.

25-5. Мүлікті мемлекеттік меншікке өтеусіз беру кезінде уәкілетті орган мен арнайы орган арасында қабылдап алу-беру актісін (беру актісін) ресімдеуге қатысатын тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан мемлекеттік және орыс тілдерінде үш данада қабылдап алу-беру актісі (беру актісі) жасалады.

Арнайы орган мемлекеттік меншікке өтеусіз берілген мүлікті есепке алуды жүргізеді. "

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК